Түркістан облысы.Келес ауданы.Ақтөбе а/ә.
Ғ.Мұратбаев ауылы
«А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

Бұйрық № 21

14.09.2026ж.

«Ата-аналарға консультациялық пунктінің қызметін ұйымдастырудың үлгі ережесін» негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төменгі құрамда педагогикалық және әлеуметтік қызметкерлерден тұратын консультациялық пунктінің құрамы құрылсын.
   Әдіскер- А.Усенова
   Медбике- И.Шалдибаева
   Тәрбиеші- Сейтова А. Мамаханова Г.
2. Консультациялық пункт жетекшісі психолог жұмыс жоспары, жұмыс кестесі ата-аналармен жасалсын.
3. Консультациялық пункттың жұмысы туралы балабақшаның әлеуметтік желілеріне салынсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын балабақша әдіскері Усенова Асемге жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі: **А.Абдуллаева**

БЕКІТЕМІН:
"А.Жан-Нұр" бөбекжай балабақшасы
меңгерушісі: А.Абдуллаева

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру ережесі.

1. Ата-аналарға арналған консультациялық пункт ережесі «А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасы ЖШС Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы №595 бұйрығының 1 тарау мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, 5 парақшасын

Ата-аналарға балаларды тәрбиелеу мен оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады, жүзеге асыру және отбасылық жағдайда тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына көмек көрсету мақсатында әзірленіп отыр.

2. АКП өз қызметін ҚР бекітілген нормативтік құжаттарға, Мемлекеттік жалпыға міндетті Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына және балабақша жарғысына, жылдық жұмыс жоспарына, осы ережеге сәйкес жүзеге асыратын балабақшаның бөлімшесі ретінде ата-аналарға арналып құрылды.

Мақсаты мен міндеттері

Отбасылық және қоғамдық тәрбиенің сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға баламен психотиімді іріктеу, логикалық-педагогикалық қарым-қатынас жасаудың мазмұнын, құралдарын және тәсілдерін тиімді іріктеу мен пайдалануды қамтамасыз етуге көмек көрсету, мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың мектепке қабылдануына тең мүмкіндіктер жасауға көмек көрсету болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша мектепке

дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың мектепке қабылдануына тең мүмкіндіктер жасауға көмек

көрсету.

- ата-аналармен серіктестікті, байланысты орнату.

- Мектеп жасына дейінгі балаларға дербес нәтижелі педагогикалық көмекті жүзеге асыру.

- ата-аналардың педагогикалық білімін арттыруда әртүрлі іс-шаралар, жас отбасылар фестивальдерін,

ата-аналар жиналыстарын ұйымдастыру.

- Отбасылық тәрбиенің алдыңғы қатарлы тәжірибесін насихаттау мақсатында бұқаралық ақпарат

құралдарымен байланыста болу.

Қызметті ұйымдастыру

1. АКП қызметі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберінде меңгеруші, медбике, әдіскер, педагог т.б қызметкерлер негізінде ұйымдастырылады, ата-аналарға кеңес бір немесе бірнеше маманның бір мезгілде топтық, жеке формалар арқылы жүргізілуі мүмкін.
2. АКП таңертеңгілік немесе кешкілік уақытта аптасына 2 рет болуы мүмкін, ұзақтығы

20-25 минут.

3. ата-ана өтініші негізінде консультация көшпелі түрде де болады.
4. Кеңес пунктінің қызмет көрсету тәртібі мен басқа да талаптары ата-аналармен және оларды

заң шеңберінде алмастыра алатын тұлғалармен келісім-шарт негізінде айқындалады.

БЕКІТЕМІН:
"А.Жан-Нұр" бөбекжай балабақшасы
меңгерушісі: А.Абдуллаева

2026-2027 оқу жылының мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру жоспары

№	Іс-шаралар	Өткізу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Бала әлеміне бірге қадам» – баланың жас ерекшелігіне сай күн тәртібін ұйымдастыру және үй жағдайындағы алғашқы дамыту әрекеттері	Танысу кездесуі, жеке консультация	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер
2	«Бақытты бала – мейірімді ортада» – баланың эмоциясын тану, сезімін дұрыс білдіру және ата-анамен жылы қарым-қатынас орнату жолдары	Психологиялық кеңес, практикалық жаттығулар	Қазан	Педагог-психолог, әдіскер
3	«Ойын – баланың басты тілі» – үй жағдайында қолдануға болатын қарапайым дамытушы және қимылды ойындар	Шеберлік сағаты, ойындар практикумы	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер
4	«Ертегімен бірге өсеміз» – ертегі оқу, әңгімелесу және шығармашылық тапсырмалар арқылы баланың тілін дамыту	Оқу сағаты, шығармашылық шеберхана	Желтоқсан	Әдіскер, тәрбиешілер
5	«Қысқы әлем – қызықты тәжірибе» – үй жағдайында қауіпсіз жүргізілетін қарапайым бақылау мен зерттеу әрекеттері	Зерттеу алаңы, тәжірибелік жұмыс	Қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер
6	«Бірге ойнаймыз, бірге үйренеміз» – ата-ана мен баланың бірлескен шығармашылық және танымдық әрекеттері	Отбасылық практикум, бірлескен ойын	Ақпан	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер
7	«Ұлттық тәрбие – ұрпаққа мұра» – ұлттық ойындар, салт-дәстүр және отбасылық құндылықтарды бала тәрбиесіне енгізу	Ұлттық ойындар алаңы, шеберлік сағаты	Наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
8	«Таза орта – дені сау бала» – жеке гигиена, дұрыс тамақтану, қимыл белсенділігі және қауіпсіздік дағдылары	Консультация, практикалық жаттығулар	Сәуір	Медицина қызметкері, әдіскер, педагогтер
9	«Бала жетістігі – отбасы қуанышы» – баланың жетістіктерін қорытындылау және жазғы кезеңдегі дамуын қолдау жолдары	Қорытынды кездесу, кері байланыс	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер